

Конкурса шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 213 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 маусымда № 13834 болып тіркелді

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы 17-бабының 14) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Конкурса шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің
тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркеуді ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелеген бұйрықты алған күннен бастап бес күн ішінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына
жіберуді ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында
орналастыруды ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді
қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Энергетика министрі

Қазақстан Республикасының
Қ. Бозымбаев

Конкурса шығаруға жататын жер қойнауы учаскелерінің тізбесі

№ р/с	Пайдалы қазбалар түрі	Кен орнының, жер қойнауы учаскесінің атауы	Орналасқан жері		Жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар түрі
			Облысы	Географиялық координаттары с.е. ш.б.	
1	2	3	4	5	6
1	Көмір	Самайсор кен орны	Ақмола	51°54' - 73°45', 51°57' - 73°45', 51°57' - 73°49', 51°54' - 73°49'	Барлау
2	Көмір	Жаныспай кен орны	Қостанай	Орталық координаттары 52°02' - 65°38'	Өндіру
3	Көмір	Бөгембай кен орны	Ақмола	Орталық координаттары 52°26' - 72°18'	Өндіру
4	Көмір	Ақтас шахта алаңының учаскесі	Қарағанды	Орталық координаттары 49°55' - 72°54'	Өндіру
5	Көмір	КСРО-ға 50 жыл шахта алаңындағы учаске	Қарағанды	Орталық координаттары 49°47' - 72°55'	Өндіру
6	Қоңыр көмір	Приозерное кен орнындағы Карьерный учаскесі	Қостанай	Орталық координаттары 52°31'36" - 64°44'05"	Өндіру
7	Көмір	Қурайлы кен орны	Шығыс Қазақстан	47°50'22" 80°06'35" 47°48'36" 79°46'13" 47°35'20" 79°51'08" 47°34'19" 80°06'27"	Барлау
8	Көмір	Белокаменско-Бобровское кен орны	Шығыс Қазақстан	50°15'26" 82°31'46" 50°11'50" 82°42'23" 50°09'42" 82°40'39" 50°08'30" 82°44'08" 50°10'31" 82°46'18" 50°09'05" 82°50'27" 50°05'14" 82°47'20" 50°11'35" 82°28'48"	Барлау
				49°53'20,5" 73°07'38,2" 49°53'26,1" 73°08'00,1"	

9	Көмір	XI (A ₅₋₆ қатпары)	учаске Қарағанды	49°53'24,6" 73°08'00,9" 49°53'34,8" 73°08'57,9" 49°53'36,5" 73°09'01,7" 49°53'35,7" 73°09'05,6" 49°53'34,0" 73°09'02,9" 49°53'27,4" 73°09'44,0" 49°53'22,3" 73°09'41,8" 49°53'23,3" 73°08'48,6" 49°53'18,7" 73°08'09,6" 49°53'15,1" 73°07'34,5"	Өндіру
10	Көмірсутекшикізаты	XXIII-74-D(ішінара), E(ішінара); XXIV-74-A, B, C(ішінара), D, E, F, 75-A (ішінара), B(ішінара), C(ішінара), D, E, F(ішінара); XXV-74, 75-A, B, D, E блоктары	Шығыс Қазақстан	47°20'00" 83°00'00" 48°10'00" 83°00'00" 48°00'00" 83°15'00" 48°00'00" 83°25'00" 47°48'00" 84°00'00" 47°42'20" 84°00'00" 47°40'00" 83°50'00" 47°20'00" 83°50'00"	Барлау